

БЕКІТЕМІН

Шымкент университетінің
ректорының іл жөніндегі профессор
Н.А.Сейткулов
2020ж.



ОҚУ - ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ЕРЕЖЕСІ

УЕ-ШУ-19-08-2020

АЛҒЫ СӨЗ

1. Университеттің оқу-әдіstemелік бөлімімен әзірленді және толықтырылып енгізілді
2. Әзірлеген: Оқу-әдіstemелік бөлім менгерушісі Л.М.Мамбетова
3. Келісілді: Оқу және ғылым істер жөніндегі проректор С.Ш.Куланова
Аkkreditteу және сапаны ішкі қамсыздандыру бөлімінің
бастығы Шахабаев Е.
4. Шымкент университетінің ғылыми Кеңесінің «87» 02 2020ж № 8
мәжілісінде талқыланып макұлданды
5. Толықтырылып 2020 ж
енгізілді
6. Тексерілу 2023 ж
мерзімі:

Қызмет бабында пайдаланатын басылым

Шымкент, 2020 ж.

Шымкент университеті	ҮЕ-ШУ-19-08-2020
Сапаны ішкі қамсыздандыру жүйесі	Ереже
Оку-әдістемелік кенес ережесі	6 беттің 2-беті

1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1 Оку-әдістемелік кенес ережесі оку-әдістемелік және ғылыми-зерттеу жұмыстарын откізуге қойылатын талаптарды анықтайды.

1.2 Ереже - Шымкент университетінің Академиялық саясатын және сапаны ішкі қамсыздандыру жүйесін қалыптастыратын нормативтік құжат, барлық құрылымдық бөлімдер Ереже талаптарын орындауы міндettі.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» № 319 Заңының (2020 жылғы 11 қаңтардағы өзгерістерімен .) ».

2.2 Әдістемелік (оку-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік) кенес қызметі және оны сайлау тәртібінің үлгі ережесін бекіту туралы. ҚР БFM 2007 жылғы 21 желтоқсандағы N 644 бұйрығы

2.3 ҚР БFM 29.11.2007 жылғы № 583 бұйрығымен бекітіліп, 27.07.2015 жылғы №488 бұйрығымен өзгертілген «Оку-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру Ережесі».

2.4 Университеттің Академиялық Саясаты;

3. ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР, БЕЛГЛЕУЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

ШУ- Шымкент университеті

ОӘК – оку - әдістемелік кенес

4. ПРОЦЕДУРАНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

4.1 Жалпы ережелер

4.1.1 Оку- әдістемелік кенес Жоғары оку орнын басқарудың алқалық ұйымы болып табылады.

4.1.2 Оку- әдістемелік кенес - университеттегі оку үдерісін әдістемелік қамтамасыз етуді ұйымдастыруды үйлестіру және жетілдіру және ҚР Мемлекеттік білім беру стандартының талаптарына сай білім сапасын арттыруға бағытталған мақсатта құрылады.

4.2 Кеңестің негізгі міндеттері

4.2.1 Оку үдерісін әдістемелік қамтамасыз етудің сапа мониторингісін ұйымдастыру.

4.2.2 Оку, оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік әдебиеттер, оку құралдары мен басқа да материалдарды басып шығаруды жоспарлау, сараптаманы ұйымдастыру.

4.2.3 Оку-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру мен жетілдіру жөніндегі озық тәжірибелерді жинақтау және тарату.

4.2.4 Сапа менеджменті жүйесін дамыту және оку үдерісіне әдістемелік әзірлемелер нәтижелерін енгізу жөнінде ұсыныстар дайындау.

4.2.5 Құрылымдардағы әдістемелік жұмыстарды үйлестіру.

4.2.6 Жаңа және қолданыстағы технологиялар мен әдістер, оқыту құралдарын енгізу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру.

4.2.7 Оқытушылардың оку-әдістемелік бірлестіктерінің шығармашылық жұмыстарын ұйымдастыру.

4.2.8 Педагогикалық ұжымның ғылыми-әдістемелік әлеуетін жетілдіру жөніндегі жұмыстарды үйлестіру.

4.2.9 Білім беруді дамыту және басым бағыттарды қалыптастыру, оны іске асыру мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу.

4.2.10 Университет оқытушы-профессор құрамын аттестаттауға қатысу.

Шымкент университеті	УЕ-ШУ-19-08-2020
Сапаны ішкі қамсыздандыру жүйесі	Ереже
Оқу-әдістемелік кеңес ережесі	6 беттің 3-беті

4.3 Оқу-әдістемелік Кеңес қызметінің негізгі бағыттары

4.3.1 Мемлекеттік жалпыға міндettі білім беру стандарттары талаптарын ескере отырып, оқу бағдарламалары мен жұмыс оқу бағдарламаларын сараптау жұмыстарын ұйымдастыру.

4.3.2 Құрылымдық бөлімшелердің әдістемелік кеңес жұмыстарының жоспарын қарастыру және келісу.

4.3.3 Жекелеген пәндер бойынша жұмыс оқу бағдарламаларын талқылау және мақұлдау.

4.3.4 Оқу үдерісін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету мәселелерін қарастыру.

4.3.5 Әдістемелік қамтамасыз ету мәселелеріне қатысты нормативтік-құқықтық құжаттар жобасын жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу және талқылау.

4.3.6 Оқулықтарды, оқу-әдістемелік құралдарды, оның ішінде электрондықтүрде және дидактикалық материалдарды әзірлеуді ұйымдастыру.

4.3.7 Оқу-тәрбие үдерісін жетілдіруге және оқытушыларға тәжірибелі көмек көрсетуге бағытталған әдістемелік жұмыстардың әртүрлі формаларын енгізу мәселелерін қарастыру.

4.3.8 Білім алушыларды оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету үшін білім беру ұйымдарында қашықтықтан білім беру технологиясын пайдалану арқылы іске асырылатын барлық оқу жоспарларының пәндері бойынша электрондық оқу-әдістемелі кешендердің жасалынуын ұйымдастыру.

4.3.9 Қәсіптік практикалардың барлық түрлерінің бағдарламалары, сондай-ақ дипломдық жұмыстарды (жобаларды) жазу бойынша әдістемелік нұсқаулық әзірлеу.

4.3.10 Білім алушылардың оқу материалын менгеруін арттыратын заманауи білім технологиялары мен оқыту әдістерін әзірлеу.

4.3.11 Іздениске, талдауға және қызмет нәтижелерін қалыптастыруға қабілеттілігін дамытуға бағытталған студенттердің өзіндік жұмысын оқу-әдістемелік қамтамасыз ету.

4.3.12 Оқу-әдістемелік жұмыстарды жетілдіру бойынша семинарлар, конференциялар, кеңестер ұйымдастыру және өткізу.

4.4 Кеңестің сайлау және жұмыс тәртібі

4.4.1 Кеңес құрамына кафедра өкілдері, оқытушылар, әдіскерлер, факультеттердің әдістемелік бірлестіктері жетекшілері кіреді. Кеңес құрамы Университет ректорының бүйрығымен бекітіледі.

4.4.2 Әдістемелік кеңесті ғылыми-зерттеу және оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор баскарады.

4.4.3 Кеңес мүшелері арасынан ашық дауыс беру арқылы хатшы сайланады.

4.4.4 Кеңес жұмысы Ғылыми кеңес отырысында қабылданған және Университет ректоры бекіткен жылдық жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

4.4.5 Кеңестің отырысы екі айда бір рет өткізіледі.

4.4.6 ӘК шешімдері факультеттердің және кафедралардың әдістемелік органдарына міндettі болып келеді.

4.4.7 Егер кеңестің отырысында оның мүшелерінің 3/2 бөлігі қатысып отырса, онда әдістемелік кеңес құқықты өкілетті деп табылады.

4.4.8 Әдістемелік кеңестің отырысында қаралған мәселенің нәтижесі бойынша қатысып отырған мүшелерінің басым көпшілік дауысымен ұсыныстар қабылданады және хаттамамен рәсімделеді. Отрыстың хаттамалары мен Әдістемелік кеңестің шешімдеріне кеңес төрағасы мен хатшысы қолтаңбасын қояды.

4.4.9 Егер кеңес отырысында оның мүшелерінің 70 %-ы қатысса, шешім қабылдауға құқылы болады.

4.4.10 Кеңес төрағасы жылына бір рет Кеңес қызметінің нәтижелері туралы Университет Ғылыми кеңесінде есеп береді.

Шымкент университеті		YE-ШУ-19-08-2020
Сапаны ішкі қамсыздандыру жүйесі	Ереже	
Оқу-әдістемелік кенес ережесі		6 беттің 4-беті

4.4.11 Кеңестің әр мүшесі кеңестің барлық отырысына қатысуға, оның жұмысына белсенді атсалысуға, жүктелген тапсырмаларды уақтылы және нақты орындауға тиісті.

4.5 Оқу - әдістемелік кеңестің құқықтары

Әдістемелік кенес өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес төмендегілерге құқылы:

4.5.1 Университет факультеттерінен, кафедраларынан, басқа да құрылымдық бөлімдерінен білім беру сапасы бағытында және басқа да мәліметтер алуға.

4.5.2 Жұмысшы және сараптау тобының құрамын жасап бекітуге.

4.5.3 Оқу үрдісін ұйымдастыру мен әдістемелік жұмыс жағдайын тексеру үшін университеттің құрылымдық бөлімшелеріне инспекциялық комиссия жіберуге.

КЕЛІСІЛДІ

Оқу және ғылым істері
жөніндегі проректоры

Куланова С.Ш.

Аkkредиттеу және сапаны ішкі
қамсыздандыру бөлімінің бастығы

Шахабаев Е.

Шымкент университеті	УЕ-ШУ-19-08-2020
Сапаны ішкі қамсыздандыру жүйесі	Ереже
Оқу-әдістемелік көңес ережесі	6 беттің 5-беті

Танысу парагы

Шымкент университеті	YE-ШУ-19-08-2020
Сапаны ішкі қамсыздандыру жүйесі	Ереже
Оку-әдістемелік кеңес ережесі	6 беттің 6-беті

Өзгерістерді тіркеу парағы